

«FORTEBANK» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДАҒЫ ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ

«ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк), оның атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 8/1, 2022 жылғы 1 сәуірде Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 8/1, 8-қабат, «Astana» мәжіліс залы мекенжайында өткен Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысындағы (бұдан әрі – «Жиналыс») дауыс беру қорытындысы туралы хабарлайды.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес Жиналыста келесі мәселелер қаралды және дауыс беру нәтижелері бойынша келесі шешімдер қабылданды.

* * *

Күн тәртібінің 1-сұрағы «Банктің 2021 жылғы жылдық қаржылық есебін бекіту туралы» бойынша
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есебі бекітілді.

* * *

Күн тәртібінің 2-сұрағы «Банктің 2021 жылғы таза табысын үлестіру тәртібін бекіту туралы, Банктің бір жай акциясына есептелетін дивиденд мөлшері туралы» бойынша

1. Банктің 2021 жылғы таза табысы бөлінбеген.
2. Банктің таза табысы Банктің қарамағында сақталады.

Күн тәртібінің 3-сұрағы «Банктің Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жыл үшін есебі туралы» бойынша

Банктің Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жыл үшін есебі бекітілді.

* * *

Күн тәртібінің 4-сұрағы «Акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініші және оларды қарастыру қорытындысы туралы» бойынша

Банк Басқармасының 2021 жыл ішінде Банктің жеті акционерден түсініктемемен жауап берілген 7 өтінішті (Банк акциялары бойынша дивиденд есептеу, төлеу мәселелері бойынша, сондай-ақ Банк акционерлеріне тиесілі акцияларға иелік ету және сату мәселелері бойынша) алғаны және акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініштері келіп түспегендігі туралы ақпарат назарға алынды.

* * *

Күн тәртібінің 5-сұрағы «Директорлар кеңесі және Банк Басқармасы мүшелерінің 2021 жылғы сыйақы мөлшері және құрамы туралы» бойынша

2021 жылы Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат назарға алынды.

* * *

Күн тәртібінің 6-сұрағы «Банктің Директорлар кеңесінің құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы» бойынша

- Банктің Директорлар Кеңесінің құрамы алты адамнан тұратын, оның өкілеттігі Банк акционерлерінің 2025 жылы болатын жылдық жалпы жиналысы өткізілгенде аяқталатын мерзіммен белгіленді;
- Банктің акционері Б.Ж. Утемурастовтың мүддесінің өкілдері ретінде, Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелері болып Ануар Булатович Утемурастов, Гурам Андроникашвили, Марлен Оразбекович Мирзабеков және Тимур Ризабекович Исатаев сайланды;
- Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері – Банктің тәуелсіз директорлары болып Ельдар Советович Абдразаков және Хуберт Альберт Пандза сайланды;
- «ForteBank» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақыны және олардың шығындарының орнын толтыру саясатында белгіленген мөлшерде және тәртіпте, Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелеріне ай сайынғы тіркелген сыйақының мөлшері белгіленді, онымен қоса өзге де төлемдер

тағайындалды, сондай-ақ Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелеріне шығындардың орнын толтырулар белгіленді.

* * *

Жиналысқа оның өткізілген уақыты бойы ұсынылған Банктің дауыс беруші жай акцияларының жалпы саны – 73 714 243 282 (жай акциялардың жалпы санының 97,7575 %).